



АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТЫ Нариман Қуанышғалиұлы Ишмұхамедов

Осы грант мемлекеттік білім беру гранты болып табылмайды және Демеушінің қаражаты есебінен ұсынылатын, ай сайын 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде стипендиялық төлем төлеуді көздейтін мемлекеттік емес нысаналы білім беру қолдауының нысаны болып табылады.



ГРАНТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

1. Дарынды және болашағы зор студенттерді қолдау.
2. Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту.
3. Академиялық үлгерімді, тәртіпті және әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру.
4. Кәсіби дамуға, ғылыми белсенділікке және әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланған көшбасшылар қауымдастығын қалыптастыру.
5. Білім беру бастамасы арқылы Н.Қ. Ишмұхамедовтың (1970-1988 жылдары Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы зауыт-ЖОО ректоры, профессор, Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы еңбек сіңірген қайраткері, Құрметті металлург) есімін ұлықтау.



БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Қарағанды облысының Теміртау қаласы немесе оған жақын орналасқан кенттер аумағында тұрақты тұратын, тіркелген немесе сол аумақта орналасқан білім беру ұйымын бітірген Қазақстан Республикасының азаматтары, атап айтқанда:

Толық оқу мерзімімен күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түсетін талапкерлер келесі талаптарды бір мезгілде орындауы тиіс:

- Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нәтижесі – кемінде 75 балл;
- басым білім беру бағдарламасына оқуға қабылдануы.



ҮМІТКЕР КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ

1. Өтініш.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
3. Оқуын немесе оқуға түскенін растайтын құжаттар.
4. Транскрипт немесе үлгерімін растайтын өзге құжат, талапкерлер үшін – ҰБТ сертификаты.
5. Мотивациялық эссе.
6. Үміткердің Теміртау қаласымен, оған жақын орналасқан кенттермен және/немесе Қарағанды облысымен аумақтық байланысын растайтын құжаттар.
7. Бағдарламаға қатысуын растайтын өзге де құжаттар.



ІРІКТЕУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІЛЕР ЕСКЕРІЛЕДІ

1. Академиялық үлгерімі.
2. Мотивациялық эссе.
3. Ғылыми, қоғамдық, волонтерлік, спорттық немесе өзге де әлеуметтік маңызы бар қызметтерге қатысуы (дипломдар, грамоталар, сертификаттар, алғыс хаттар).
4. Басым білім беру бағыттарына сәйкестігі.
5. Үміткердің Теміртау қаласымен, оған жақын орналасқан кенттермен және/немесе Қарағанды облысымен аумақтық байланысы. Бұл тіркелуімен, тұрақты тұруымен, тиісті аумақтағы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын тәмамдауымен немесе өзге құжаттармен расталуы тиіс.
6. Әлеуметтік жағдайы (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылардың немесе ауған соғысы ардагерлерінің балалары, толық емес отбасылардан шыққан балалар).